

**2018-2019 оқу жылдары аралығында бейіналды жұмыс бойынша
«Кәсіпке бейімділігін және қызығушылығын анықтау» мақсатында
5-6-7 сыныптар аралығында алынған сауалнаманың нәтижесі**

Осы бағыттағы психологиялық қызметтің мақсаты – оқушылардың кәсіби қызығушылығын, икемін, қабілетін анықтап оның дамуына психологиялық тұрғыда ықпал ету және кәсіби бағдарды дұрыс тандаған, өз ісінің шебері, мектеп бітіруші моделін құру.

Бейінді оқытуды ұйымдастыруда психологиялық қызметтің негізгі бағыттары қолданылды.

1. Психологиялық диагностика- оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын зерттеу мақсатында (Е.А.Климов); «Кәсіби қызығушылығын анықтау картасы» және жеке мінез-құлық ерекшеліктерін, эмоциялық күйлерін зерттеуде «Темпераментті анықтау» мақсатында осы сауалнамалар алынды.
2. Психологиялық ағартушылық- әр түрлі мамандықтар туралы мәліметтер беру.
3. Психологиялық түзету- дамыту- оқушылардың кәсіби бағыттылығы яғни, қарым-қатынас, іздену, нақтылы мақсат қою, өз ойларын ашық айту, сараптау, бағалау дағдыларын қалыптастыру мақсатында жеке топтық психологиялық тренингтер өткізілді.

9-сынып оқушыларымен педагогикалық психологиялық бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Мамандық таңдау бұл адам өміріндегі маңызды, қиын және жауапты қадам.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау- мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Мектеп оқушыларының мамандық таңдауда дұрыс бағыт алу мәселесі мектептің

психологиялық қызмет аясында жүргізілетін аса жауапты да маңызды жұмыстарының бірі.

Мектеп жасындағы жасөспірімдерге өзінің болашағын таңдауға келгенде көп ықпал ететін ата-ана, ұстазбен қатар мектеп психологтары да өз үлестерін тигізеді.

Кәсіптік бағдар бойынша мектептің практикалық жұмысы кезіндегі көкейтесті сұрақтар; оқушыларға кәсіптік айқындалуы кезінде қалай көмек көрсету, олардың икемділіктерін адекваталық психологиялық әдістер бойынша қалай анықтау керек? Төменде 9- сынып оқушыларымен кәсіптік диагностиканы жүргізу мүмкіндіктерін келтіреміз. Арнайы кәсіптік мүмкіндіктері құрылымында адамдардың төмендегі сапалары, қызығушылықтары, қажеттілігі, мотивтері, икемділіктері және жеке өзінің қасиеттері оның басты компоненттері болып табылады. Оқушылардың кәсіби бағытын, қызығушылықтарын анықтау барысында»Қызығушылықтар картасы», Дж.Голландтың «Мамандыққа икемділікті анықтау» сауалнамасы, Е.А.Климовтың «ДДС» сауалнамасы, «Мамандық таңдау мотивін анықтау» әдістері алынып, әр оқушыға жеке зерделеу қорытындылары шығарылады. Диагностикалау барысы аяқталған соң ата-аналарын сауалнама нәтижелерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Мектептің әдістемелік кеңесінің шешімімен құрылған сараптау комиссиясының қатысуымен оқушылармен жеке сөйлесу нәтижелеріне сәйкес, олардың ата-аналары мен сынып жетекшілерінің пікірлерін ескеру арқылы бағытқа бөлінеді.

Дайындағандар:

Л.Смайлова

Ұ.Кауменова

Б.Еспанов

